

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН

Т Р И Б У Н А

Общественно-политическая газета
Основана 12 сентября 1931 года

Солнце: Восход 7.12
Заход 18.55
Долгота дня: 11.43

30
сентября
2010
№ 40 (8271)

Луна: Восход - 22.31
Заход - 14.42

Тәрбие көзі - халықтық педагогика

XXI ғасыр табалдырығын аттаған азамат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық халықтық педагогика тұрғысында тәрбиелеу баса назарда десек асыра айтқандық емес.

Педагогика ғылымының түпкі астарына өтене үзілер болсақ, бастапқы қайнар көзі тіршілік етуші қоғам мен оның дамуы болып табылады. Өмірге жаңа келген ұрпақтар сабақтастығы, өздерінің ата-бабаларынан қалған дәстүрлі тәжірибелерін үйрене келе, оны байытып, көбейтіп, дамыған түрде өз ұрпақтарына қалдырып отырды. Соның арқасында аталған дәстүр ғылым негізіне айналып, педагогика деген ғылым пайда болды. Мұны халықтық педагогика деп атауға болады.

Педагогика ғылымы – баланы оқытушы, тәрбиелеуші деген мағынаны білдіреді. Өткен ұрпақтың көлер ұрпаққа қалдырған әлеуметтік тәжірибесі. Аталмыш ғылым ұзақ және қиын жолдарды бастан көшіп, шыңдық жолында ізденісте болған. Заңдылықтар мен қағидаларды оқыту жолында, тәрбие барысында білімнің ғылыми негізіне айналды, ал практика жүзінде мәдени – өнер болады да, ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан өнері болып қалады.

Халық туғызған әсемдік - бұл рухани өлемнің әсемдігі, сонымен бір мезгілде педагогикалық мәдениеттің тамаша жетістіктерінің куәсі. Педагогикалық мәдениеттің деңгейі жөнінде тек нақты педагогикалық шығармалар бойынша ғана емес, сондай-ақ тәрбиеленушілер мен олардың өлмес мұралары арқылы да пікір айтуға тура келеді. Осындай педагогика ғылымына қисындаса жуықтап келген халық педагогтары барлық көздерде, барлық халықтарда да болды.

Өткеннің танымал педагогтары халықтық педагогикалық негіздерін оқып үйренуге көп көңіл бөлді. Тәрбиенің халықтығы, табиғатпен үйлесімділігі идеясын дамытты, халық педагогикасынан мысалдарды халық даналығының бейнеленуі ретінде пайдаланды. Ғалымдар, ақындар, өнер иелері, философтар педагогикалық идеяларын талдау тәрбиенің гуманистік халықтық идеялары олардың адам тәрбиесі жайлы трактаттарында кеңінен қолданылғанын көрсетеді.

Қазақ халқының ғасырлар тереңінен бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық өдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді Қорқыт ата, Өл – Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы т.б. қазақ ақын – жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Қазақ отбасына төн тәрбиесінің ерекшеліктері халықтың мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Академик Г.Н.Волковтың пікірінше, халықтық педагогикалық ерекшелігі оның адам баласының

дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келуінде, адамдардың қоғамды құруда, қоршаған ортаны – табиғатты өзіне икемдеп игеруінде, еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқарғаны, тәрбиенің басқа түрлерінің кейін туғандығы, халықтық тәрбие жөніндегі қағидалары өмірлік тәжірибеге негізделген эмпирикалық білім болып келуі, оның ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезінде пайда болып, халық арасында ауызша тарауы, сондықтан да оны шығарушы авторларының аты – жөні халық жадында сақталмай, бүкіл халықтық мұраға айналып кетуі, халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озық тәжірибелері мен ой түйіндері сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келгендіктен, озық үлгілерінің мөңгі сақталмай, ал тозығының біртіндеп өмірде қолданудан шығып калуы, халық педагогикасы өнерге, еңбекке негізделгендіктен, үнемі жетілдіру, ұштау үстінде болуы, сондай-ақ халық педагогикасының ғылыми жүйеге, теорияларға құрылмай, жеке бастық тәрбиенің озық үлгілеріне және оның нәтижесіне құрылуы, тәрбие тәжірибесінің ғасырлар бойы жалғасып келуі (преемственность), алғашқы тәрбие түрлерінің қоғамда бөлінбей, синкретті тұтас түрінде берілуі (мысалы, қол, би, музыка өнерлерінде ой еңбегі мен дене еңбегі, ақыл – ой тәрбиесі мен еңбек тәрбиесінің бірге ұштасып келуінде)", деп саралай көрсете келді де, «халық педагогикасы ру, тайпа, ұлттар мен ұлыстардың ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесіне негізделіп, халықтың тәрбие құралдары (салт - дәстүр, әдет - ғұрып, ойын түрлері, ауыз әдебиеті үлгілері) арқылы іске асыруға құрылса, ал этнопедагогика теориялық ойларға, ғылымға негізделеді. Ол халықтың этнографиялық салт - дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін педагогикалық, логикалық ғылыми жүйе тұрғысынан зерттеп қарастырады... яғни, халық педагогикасы ғылымға шикі материал даярлаушы мәліметтер көзі болып табылса, сөйтіп педагогика ғылымына қызмет етушінің рөлін атқарса, ал этнопедагогика халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесін, педагогикалық мәдениетін зерттеп, оның прогрессивтік үлгілерін бүгінгі оқу-тәрбие ісіне жаратудың жолдарын ғылыми тұрғыда қарастырады", - дейді.

Ал бұрынғы КСРО Педагогика ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор И.Т.Огородников, Г.Н.Волковтың «Этнопедагогика» атты еңбегіне жазған кіріспесінде: «Егер халық педагогикасы мен этнопедагогикаға арналып екі хрестоматия жасалған болса, оның біріншісіне бала тәрбиесі жөніндегі ауыз әдебиеті үлгілері мен халықтың салт - дәстүрлеріне арналған этнографиялық тәлімдік жазбалары енгізілген болар еді де, ал екіншісіне халық педагогикасы мен халықтық тәлім - тәрбиелік ойларын зерттеуге арналған педагог-ғалымдардың еңбектері енген болар еді", - деп, халық педагогикасының таза тәжірибеге негізделген тәрбиенің эмпирикалық түрі екенін және оның этнопедагогиканың ғылыми зерттеу объектісі болып саналатынын ашып көрсетеді.

Халықтық педагогиканың әлеуметтік бағыттылығы, әсіресе көне жазба ескерткіштердегі мақалдар

мен мәтелдер, ертегілер мен жырлар, бата, тілек секілді тәрбие құралдарында толығырақ бейнеленген. Олардың шығу тегі мен тарихи дамуын есепке алып сипаттау, тарихи – генетикалық тұрғыдан қарастыру халық педагогикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және оның демократиялық сипатына назар аудартады. Әрине, этнопедагогика тарихында ертедегі қазақтардың еңбекке тәрбиелеу дәстүрлері мен кәсіпке үйретушілік жүйесі, өртүрлі қозғалмалы ойындар мен жарыстары, саналуан өдет – ғұрыптар мен өмір салттары терең із қалдырды.

Халықтық педагогиканы тәрбие жайлы ғылыми білімдермен жинақтауға педагог ғалымдар бірдей келген жоқ. Біреулер үшін халықтық педагогика бастапқы ой болса, енді біреулер үшін алғашқы негіз адамзаттың педагогикалық жетістіктерін меңгеру болады. Кейбірінде педагогика ғылымына жуықтау процесі мерзімінен бұрын үзілсе, өзгелерінде халықтық педагогика тұрғысынан келу тоқталған болып шықты. Нәтижесінде кімдер өзіне халықтық пен ғылыми педагогиканы үйлестірсе, сол ғана ұлы педагог демократтар болып қалыптаса алды. Көрнекті қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхаметұлы секілді ұлы тұлғалар халықтық педагогикалық тәжірибесін зерттеп білуге ерекше мән берген. Халықтық педагогика тәрбие жайлы ғылымды байытады, белгілі бір жағдайларда оның негізгі қызметін атқара алады деп санады.

Қазіргі кезде халықтық педагогика элементтері тіпті бастауыш сыныптарда да кеңінен қолданылуда. Мәселен, пен аралық байланыста қолданылатын тактикалық жүйенің өзі ұлттық тәрбиенің шыңына жету баса назарда екені де мәлім. Өйткені ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан – ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой – пікірлерін қауымға, елге жеткізетін негізгі құрал бұқаралық ақпараттық құралдары екені даусыз.

Өмірден қымбат нәрсе бар ма адамда,

Орындаға жұмсаса өлмес дәрі Қасиетін өмірдің білу керек,

Басында ми болса, бетінде ары – деп Шәкәрім ақын жырлағандай, біздің жастарымыздың өз өмірлерін бос өткізбей, білімге деген құштарлығын ояту, артында өшпейтін із қалдырып, мәнді де бақытты өмір сүруге жағдай жасау парыз. Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркенімізге өріне шығып, нар алу бүгінгі күннің талаптарының маңыздысы. Ата – бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл – кеңес, есиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, ұлттық мақтаншы, ұлттық намыс – ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – басты мақсат. Сонда ғана ұлттық сана – сезім толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА,
Шарбақты селосы.